

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ИНДЕР АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БОТАҚАН»
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «БОТАКАН»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29. 10. 2021 № 37

Индербор кенті

поселок Индерборский

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс қызметін енгізу, жауапты
қызметкерді тағайындау және
функцияналдық міндетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Заңының 16 бабының 3
бөлігі басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Индер ауданы білім бөлімінің «Ботақан» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі
енгізілген.

2. Индер ауданы білім бөлімінің «Ботақан» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының көркемдік жетекшісі Алыгазиева Асем Сергеевна
2021 жылдың 29 қазанынан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
қызметіне жауапты болып тағайындалсын.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауапты
тұлғаның функционалдық міндеттері ұсынылған үлгіге сәйкес бекітілсін.

Меңгеруші



Р.М. Абдрахманова

Бұйрықпен таныстым

Алыгазиева Асем Сергеевна

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, уақыты)

2020/2021 жылдарға арналған «Ботақан» бөбекжай-бақшасы қызметіндегі ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мақсаты: қызметкерлер мен ата-аналарда жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттер:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің педагогикалық әдістерін жетілдіру.
- Сыбайлас жемқорлық құбылыстарына белсенді қарсы тұруға қабілетті патриот пен азаматтың адамгершілік қағидаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- «Ботақан» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жүйесін дамыту.

№	Ұсыныс	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мониторингі (Нормативтік-құқықтық база: ҚР Премьер-Министрінің 24.11.2015 № 113-ө «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы»)	Меңгеруші	Тұрақты
2	«Ботақан» ММҚК ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным қалыптастыру бойынша хаттама жүргізумен құқықтық жалпы оқытуды жүргізу. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған қызметкерлермен дөңгелек үстел	Меңгеруші Әдіскер	Желтоқсан
3	«Ботақан» ММҚК қызметкерлерінің және тәрбиеленушілердің ата-аналарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті» тақырыбында ұжымның өндірістік жиналысы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін «Ботақан» ММҚК бұйрықтарымен таныстыру	Жұмыс тобының мүшелері	Тұрақты
4	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық саласындағы ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру	Меңгеруші	Тұрақты
5	ХЖҚО-мен бірлескен қызмет арқылы кадр мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде ашықтық жүйесін қамтамасыз ету	Меңгеруші	Тұрақты
6	МДҰ-ға жұмысқа орналасу кезінде азамат ұсынатын дербес деректердің және өзге де мәліметтердің дұрыстығын тексеруді ұйымдастыру	Меңгеруші әдіскер	Тұрақты

7	Ішкі бақылау жүргізу: – тәрбиеленушілермен ҰОҚ ұйымдастыру және өткізу; – тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру; – білім беру процесіне қатысушылардың барлығының құқықтарын сақтау	Меңгеруші әдіскер	Тұрақты
8	МДҰ-да ата-аналардан (заңды өкілдерден) заңсыз ақша қаражатын алу фактілеріне жол бермеуге бақылауды күшейту	Меңгеруші	Тұрақты
9	МДҰ меңгерушісінің және қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәліметтердің болуы және оларды тексеруді ұйымдастыру тұрғысынан жалпы пайдалану жүйелері (пошталық, электрондық мекенжайлар, телефон) арқылы келіп түсетін азаматтардың шағымдары мен өтініштерін сараптаманы жүзеге асыру	Жұмыс тобының мүшелері	Тұрақты
10	«Мен – ҚР адал азаматымын» атты ересек тәрбиеленушілер арасындағы сурет байқауы	Әдіскер Стенд әзірлеу	Ақпан
11	«_____»МКҚК ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным қалыптастыру бойынша құқықтық жалпы оқытуды өткізу	Меңгеруші	Наурыз
12	МДҰ-ға қабылдау ережесі туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) хабардар ету. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлық жағдайларын анықтау бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізу	Меңгеруші	Шілде-Тамыз

**«Ботақан» МКҚК-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ереже
Педагогикалық кеңес отырысында қабылданды**

2020ж. «28» қыркүйек № 1 хаттама

1. Жалпы ереже

1.1. «Ботақан» МКҚК-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу және қабылдау бойынша осы ереже Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 24.11.2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 113-ө Өкімін орындау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметін реттейтін балабақшаның жергілікті нормативтік актісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мақсаттары мен міндеттері

2.1. «Ботақан» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қызметте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған өзара байланысты қағидаттар, рәсімдер мен нақты іс-шаралар кешені.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы негізгі нормативтік құқықтық акт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V заңы.

2.3. Балабақшаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты келесі шараларды жүзеге асыруға бағытталған:

- сыбайлас жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- ұйымның құқық қорғау органдарымен ынтымақтастығы;
- ұйымның адал жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған стандарттар мен рәсімдерді әзірлеу және практикаға енгізу;
- ұйым қызметкерлерінің әдеп және қызметтік тәртіп кодексін қабылдау;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
- ресми емес есептілікті жасауға және жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеу.

3. Пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар

Жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабының 6-тармақшасы).

Мүдделер қақтығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабының 5-тармақшасы).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабы 9-тармақшасы).

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабының 11-тармақшасы).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабының 12-тармақшасы).

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі (Қазақстан Республикасының 18.11.2015 № 410-V Заңының 1-бабының 13-тармақшасы).

4. Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттары

4.1. «Ботақан» МКҚК келесі негізгі принциптерге негізделген:

1. Ұйым саясатының қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі қағидаты.

2. Басшылықтың жеке мысалының принципі. Мектепке дейінгі ұйым басшылығының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ұйымішілік жүйесін құрудағы негізгі рөлі.

3. Қызметкерлерді тарту принципі. Ұйым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар болуы және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің сыбайлас жемқорлық тәуекеліне мөлшерлес болу қағидаты. Ұйымды, оның басшылары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және орындау осы ұйымның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі қағидаты. Ұйымда құны төмен, іске асырудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін және елеулі нәтиже беретін осындай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қолдану.

6. Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан ұйым қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпастығы, сондай-ақ ұйым басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымішілік саясатты іске асыру үшін дербес жауапкершілігі.

7. Ашықтық қағидаты. Контрагенттерді, әріптестерді және жұртшылықты ұйымда қабылданған қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы хабардар ету.

8. Тұрақты бақылау және тұрақты мониторинг қағидаты. Енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдердің тиімділігінің мониторингін, сондай-ақ олардың орындалуын үнемі жүзеге асыру.

5. Саясатты қолдану саласы және оның ықпалына түсетін адамдар тобы

Саясаттың қолданысына түсетін адамдардың негізгі тобы атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларына қарамастан, онымен еңбек қатынастарында болатын мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлері болып табылады.

6. Қызметкерлердің міндеттерін айқындау және бекіту

6.1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты қызметкерлердің жалпы міндеттері мыналар болып табылады:

- мектепке дейінгі ұйым атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға міндетті;
- өзгелердің мүддесі үшін немесе мектепке дейінгі ұйымның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе қатысуға дайындығы ретінде түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға міндетті;
- қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндіру жағдайлары туралы МДҰ меңгерушісін, ұйым басшылығын дереу хабардар етуге міндетті;
- туралы белгілі болған ақпарат туралы ұйым басшылығын дереу хабардар етуге міндетті;
- туындаған мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындауы туралы тікелей жауапты тұлғаға хабарлауға міндетті.

**2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЛЫДЫҒЫНА «БОТАҚАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОМУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫН «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША» ТАЛДАМАЛЫҚ
АҚПАРАТЫ**

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы, Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-баптарына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы негізінде, келесі ақпаратты ұсынады:

Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау қағидаларын бекіту туралы» №78 бұйрығына сәйкес, «Ботақан» бөбекжай-бақшасында 2020 жылда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бақылау нәтижелері бойынша ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. «Ботақан» бөбекжай-бақшасының штаттық саны-44 бірлікті құрайды, 4 қызметкер декреттік демалысқа жіберіліп, жыл сайынғы еңбек демалысына 38 адам жіберілді. ✓ Наурыз айының 30 бастап аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің 30.03.2020ж №201 бұйрығына сәйкес бөбекжай жұмысы тоқтатылып, 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап, бөбекжай жұмысы қайта басталып, санитарлық талаптарға сай күнделікті бала саны әр топта 15 тәрбиеленушіден аспайтындай қабылданды. Қызметкерлер жалақысы 2020-2022 жылдарға арналған ұжымдық шарт негізінде толық мөлшерде төленді. ,

Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Ата-аналармен байланыс жақсы жолға қойылған.

Бөбекжай-бақша меңгерушісінің 2020 жылдың 28 қыркүйегіндегі №110 бұйрығымен әдіскер Сапанова Мөлдір Мақсымқызы әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі болып тағайындалды.

Басшымен қызметкерлер арасында келіспеушілік болған жоқ, қызметкер тұрақты жұмыс істеуде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйым салуларды бұзушылықтар анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде бөбекжайда әкімшілік-басқарушылық 3 бірлік, өндірістік қызметкер-23 бірлік, басқа қызметкерлер-18 бірлік, жалпы 44 бірлікті құрайды.

Бөбекжай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар және қаржылық тәртіпті сақтау, соның ішінде мемлекеттік сатып алу заңдылықтарының сақталуы мен ұйымдастырылуы бағытында заң бұзушылық фактілері болған жоқ.

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы МКҚК өз қызметін атқаруда келесі нормативтік құқықтық актілер қолданады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы «Білім туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 «Еңбек кодексі»;

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы;

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, С.Сейфуллин көшесі
№7 тел: 8(71234) 2-20-68

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген бөбекжай меңгерушісі Р.М. Абдрахманова

АНАЛИТИЧЕСКАЯ ИНФОРМАЦИЯ ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ВНУТРЕННЕГО АНАЛИЗА КООРУПЦИОННЫХ РИСКОВ ЯСЛИ САД «БОТАҚАН» ГККП ПО СОСТОЯНИЮ НА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2020 ГОДА

ГККП ясли – сад «Ботақан» в соответствии статьи 8 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» и приказа Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 19 октября 2016 года №12 «Об утверждении Типовых правил проведения внутреннего анализа коррупционных рисков», проведен внутренний анализ коррупционных рисков за полугодие 2020 г.

В соответствии Приказа Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 8 декабря 2016 года № 78 «Об утверждении Правил государственного контроля за качеством оказания государственных услуг» был проведен аналитическая информация по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в я\с «Ботақан». Численность государственных служащих работающих в я\сад «Ботақан» составляет-42 единиц, данный момент фактическая численность-40 единиц. Управленческий персонал -1, основной персонал -16, из них вакант-3, административный персонал - 2, вспомогательный персонал -5,2, рабочие-18. В ежегодный трудовой отпуск было направлено-25 единиц, 4 сотрудников направлены в декретный отпуск. В соответствии с приказом районного отдела образования, физической культуры и спорта №201 от 30.03.2020 г. приостановлена работа детского сада. Заработная плата работников выплачена в полном размере на основании коллективного договора на 2020-2022 годы.

Не было конфликта интересов. Жалоб от родителей не поступало.

В отчетный период в я\саду не выявлено рисков коррупционного характера. Со стороны работников ясли сада нарушений законодательства и правонарушений не выявлено.

В функционировании ясли –сад «Ботақан» использует следующие нормативно-правовые акты:

Закон Республики Казахстан от 24 октября 2011 года № 487-IV "Об образовании"

«Трудовой кодекс» Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года №414-V;

Закон Республики Казахстан «О государственном имуществе» от 01.03.2011 года №413;

Закон Республики Казахстан «О государственных закупках» от 21.07.2007 года №303;

Закон РК от 12 января 2007 года « О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц»;

Государственное учреждение ясли сад«Ботақан»

Улица С.Сейфуллина №7 поселка Индербор, Индерского района, Атырауской области, Республики Казахстан. тел: 8(71234) 2-20-68;

Внутренний анализ коррупционным рискам провела

заведующий я\сад «Ботақан» Р.М. Абдрахманова



**2020 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЛЫДЫҒЫНА «БОТАҚАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОМУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫН «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША» ТАЛДАМАЛЫҚ
АҚПАРАТЫ**

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы, Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-баптарына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы негізінде, келесі ақпаратты ұсынады:

Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау қағидаларын бекіту туралы» №78 бұйрығына сәйкес, «Ботақан» бөбекжай-бақшасында 2020 жылдың жартыжылдық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бақылау нәтижелері бойынша ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. «Ботақан» бөбекжай-бақшасының штаттық саны-42 бірлікті құрайды, жыл сайынғы еңбек демалысына-25 адам, 4 қызметкер декреттік демалысқа жіберілді. Наурыз айының 30 бастап аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің 30.03.2020 ж №201 бұйрығына сәйкес балабақша жұмысы тоқтатылды. Қызметкерлер жалақысы 2020-2022 жылдарға арналған ұжымдық шарт негізінде толық мөлшерде төленді.

Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Ата-аналармен байланыс жақсы жолға қойылған.

Басшымен қызметкерлер арасында келіспеушілік болған жоқ, қызметкер тұрақты жұмыс істеуде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйым салуларды бұзушылықтар анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде бөбекжайда 1 бірлік меңгеруші, 0,5 бірлік әдіскер, 1 бірлік хореограф, 1 бірлік музыкант жұмыс жасауда, 1 бірлік орыс тілі маманы, 1 бірлік дене шынықтыру нұсқаушысы, 0,5 бірлік психолог, 9 бірлік тәрбиеші, 1 шаруашылық жөніндегі меңгеруші, 0,5 ембике, 0,5 дәмбике, 6 бірлік тәрбиеші көмекшісі, 1 бірлік есепші, 1 бірлік кір жуу машиналарының операторлары, 0,5 бірлік кастельянша, 1 сантехник, 1 бірлік электрик, 1 дербес компьютер операторы- бағдарлаушы, 1 бірлік аула сыпырушы, 1 бас аспаз, 1 аспазшы көмекшісі, 2 бірлік жұмысшы, 4 бірлік жылу қазандығының операторлары, 3 бірлік күзетші болды.

Бөбекжай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар және қаржылық тәртіпті сақтау, соның ішінде мемлекеттік сатып алу заңдылықтарының сақталуы мен ұйымдастырылуы бағытында заң бұзушылық фактілері болған жоқ.

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы МКҚК өз қызметін атқаруда келесі нормативтік құқықтық актілер қолданады:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы «Білім туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 «Еңбек кодексі»;

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы;

«Ботақан» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, С.Сейфуллин көшесі №7 тел: 8(71234) 2-20-68

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген

бөбекжай меңгерушісі Р.М. Абдрахманова

